

## БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

**«Интернеттің пайдасы мен зияны» Әлеуметтік желіні тиімді пайдаланайық!**ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.05.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/120905/>

Қожан Сәуле Жанболатқызы

Ақтөбе қаласы №60 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш класс мұғалімі

Тәрбие сағаты

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бағыты:	Зияткерлік тәрбие	
Педагогтің Т.А.Ә.	Қожан С.Ж	
Күні:	29.01.2022 жыл	
Сынып: 3 Д	Қатысушылар саны: 23	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы	«Интернеттің пайдасы мен зияны» Әлеуметтік желіні тиімді пайдаланайық!	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, қызығушылығын арттыру; Өз ойларын тиянақты жете айта біліп, өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, сөйлей және тыңдай білуге тәрбиелеу;	
Аяқтау нысаны	«Ғаламтор әлемі » моделін жасау	

**Сабақтың барысы:**

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
-------------------------	-----------------------	---------------------	---------	-----------

<p>Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі</p>	<p>Психологиялық ахуал «Қобдидағы сурет» әдісі. Қобдидың түбіне айна қойылады. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Оларға қобди ішінде танымал тұлғаның суреті бар екендігі, сол кісінің жақсы қасиетін тауып айту керектігі тапсырылады.</p> <p>«Конверт-сұрақ» әдісі (жаңа тақырыпқа кіріспе) Оқушыларды конверттен алынған сұрақтарға жауап беру арқылы диалогқа түсіру. — Онда көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады</p> <p>— Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. -Алысты жақындататын, бар ақпаратты жедел беретін не?</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру</p>	<p>Балалар кезектесіп келіп қобдиды ашқанда табанында тұрған айнадан өз суреттерін көреді. Өзінің жақсы қасиетін тауып айтуға тырысады.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақтарға өз ойларымен жауап береді</p>	<p>«Жарайсыңдар!»</p> <p>«Сендердің әр сөздерің мен үшін құнды. Рахмет!»</p>	<p>Қобдиша, айна</p> <p>Слайд -1 Сабақтың тақырыбы мен мақсаты</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Мағынаны ашу: «Оқы, талда, бөліс» әдісі. 1-топқа: «Интернет туралы ақпарат» 2-топқа: «Интернеттің пайдасы» 3-топқа: «Интернеттің зияны»</p> <p>Интернет туралы қосымша мағлұматтармен танысу</p>	<p>Бірінші топ жалпы интернет туралы берілген ақпаратпен танысады. Екінші интернеттің пайдасы туралы танысады. Үшінші топ интернеттің зияны туралы танысады</p> <p>Өз пікірлерін білдіреді</p>	<p>Жетістік баспалдағына жұлдыз қондыру</p>	<p>Тақырып туралы ақпараттар</p> <p>Слайд -2</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Топпен жұмыс: Постер Топтарға жаңа тақырып бойынша сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін постер арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған тақырыптар таратылады. I -топ: «Біз интернетті қалай пайдаланамыз?..» II-топ: «Фаламтор әлемінің зияны...» III-топ: «Фаламтор әлемінің пайдасы»</p>	<p>Берілген тапсырманы уақытылы орындап, сұрақтарға нақты жауап береді, тақтаға шығып тапсырманы қорғайды.</p>	<p>Жетістік баспалдағына жұлдыз қондыру</p>	<p>Төңкерілген кеспе қағаздар, А-3 формат, түсті фломастер</p>
<p>Кері байланыс</p>	<p>«Интервью әдісі» Бүгінгі сабақта не үйрендің? Сен үшін не қиын болды? Саған қандай тапсырма қызықты болды?</p>	<p>Оқушы тілші қойған сұраққа жауап береді</p>	<p>Жетістік баспалдағына үш жұлдызды түгел қондырған топ мадақталады.</p>	<p>Микрофон</p>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.